

Кезекшілер

Бүгін Асқар мен Сара сыныпта кезекшілер еді. Олар мектепке басқа балалардан бұрын келді. Алдымен терезені ашты. Үстелдерді реттеп қойды. Сара парталардың үстін дымқыл шүберекпен сүртті. Асқар тақтаны сулы шүберекпен сүртті. Түрлі түсті борларды дайындап қойды. Балалар өз міндеттерін ұқыпты орындады.

- Мәтіннен жекеше түрдегі зат есімдер мен көпше түрдегі зат есімдерді тауып жаз

Жекеше зат есімдер: _____

Көпше зат есімдер: _____

- Берілген сөзде неше әріп, неше дыбыс, неше буын бар? Дауысты дыбыстардың астын қызыл қарындашпен, дауыссыз дыбыстардың астын көк қарындашпен сыз.


Кезекші

Әріп: ____
Дыбыс: ____
Буын : ____

- Сөздерді сәйкестендіріп қос

Терезені	сүртті
Партаны	дайындады
Тақтаны	ашты
Бор	сүртті


- Дауыссыз дыбыстарды боя



Әр заттың өз орны бар


Болат ояна сала киімерін іздей бастады. Бір шұлығы орындықтың үстінде, екіншісі кереуеттің астында жатыр. Бір бәтеңкесі үстел жанында, ал екіншісі бөлмеде жоқ. Болат таңертең заттарын іздеумен болды. Сабаққа кешігіп барды.

- Болат қандай бала?



- Заттың атын білдіретін сөздерді көшіріп жаз

- Болаттың киімдері қайда орналасқан? Суретін сал.



Шыны ыдыс

Бала байқамай қымбатты шыны ыдысты сындырып алды. Ешкім оны байқаған жоқ.



Әкесі: «Кім сындырды?»-деді. Бала қорыққанынан дірілдеп: «Мен», -деді. Әкесі: «Шындықты айтқанды ардақтаймын», -деп қуаныш білірді.

- Сөздерді оқы. Көшіріп жаз. Оларға дыбыстық талдау жаса (қызыл, көк түспен көрсет)

Бала, ыдыс, шындық, қуаныш

- Мәтіннен екі буынды сөздер мен үш буынды сөздерді ажыратып жаз

Екі буынды	Үш буынды

- Сөздерді көшіріп жаз. Сұрақ қой.

Бала, қымбатты, шыны, ыдыс, әке, ешкім, мен, шындық, білдірді

Бала. Кім?

Біздің отбасымыз

Менің отбасым үлкен. Біздің үйде атам, әжем, анам, әкем, ағам бар. Атам мен әжем-зейнеткер. Әкем-ұшқыш. Анам-дәрігер. Ағам-оқушы. Мен де оқушымын. Мен өз отбасымды жақсы көремін.

- Өз отбасыңның мүшелерін атап жаз.

- Туыстық атауларды теріп жаз

- Үлгі бойынша сөздерді өзгертіп жаз

Ата - аталар

Әже -

Ана -

Әке -

Аға -

Зейнеткер -

Ұшқыш -

Дәрігер -

Оқушы -

- Кестені толтыр

Сөздер	Түбір	Қосымша
Зейнеткер		
Ұшқыш		
Дәрігер		
Оқушы		

Қалам

Самат тиянақты бала. Ол күнделікті сабағын мұқият орындап, оқу құралдарын түгендеп отырады.

Бірде Самат шкаф тартпасынан бірден үш қалам алып, сөмкесіне салып қойды. Мұны байқаған әпкесі:


-Саған бір қалам жетпей ме? Үшеуін бірдей қайтесің?-деді.

-Біздің сыныпта кейбір балалар қаламдарын үйлеріне қалдырып кетеді. Солардың біреуіне керегі болар,-деді Самат.

Бауырының қамқорлығына риза болған әпкесі:

-Олай болса, қаламдарды алып бара ғой,-деді.

- Самат қандай бала?



- «Қамқорлық» сөзіне мағынасы жақын сөз тауып жаз

- Заттың санын біліретін сөздер бар сөйлемдерді көшіріп жаз. Олардың астын сыз.

- Мәтіннен сұраулы сөйлемдерді көшіріп жаз.

Мырзалық

Қанат кішкентай болса да шебер ақ. Ойнағысы келетін ойыншықтың бәрін өзі жасап ала қояды. Бір күні ол шырпы қораптарынан әдемі ойыншық үй жасады. Оның құрдасы Қуаныш бұл ойыншыққа қатты қызықты. «Не беріп айырбастап алсам екен?» деп ойлайды.



Келесі күні Қанатқа әдемі ала добын ұсынып:

-Мә, мен саған добымды беремін, сен маған ойыншық үйінді берші,-деді.

-Үйге қызықсаң,- деді Қанат,- сен ала қой. Мен өзіме тағы да жасап аламын. Добың да өзіңде болсын.

- «Мырзалық» сөзіне мағынасы жақын сөз тауып жаз

- Мәтіннен есімдіктерді теріп жаз

- Мәтіннен заттың атын және заттың қимылын біліретін сөздерді теріп жаз

[illegible]

Қу түлкі

Түлкі орманда, інде тұрады. Түлкі інін терең етіп қазады. Іннің іші таза, жылы, кіріп шығатын жері көп. Түлкінің тісі өткір, терісі қалың, құйрығы ұзын, үлпілдеп тұрады. Түлкі өте сақ жүреді. Егер түлкі тышқанды, қоянды, қарғаны көрсе, бұға қалып, ақырын жылжып келеді. Түлкі өте қу!



- Мәтіннен заттың сынын белдіретін сөздерді теріп жаз

- Төмендегі сөздерге мағыналары қарама-қарсы сөздер тауып жаз

Таза-_____

Жылы-_____

Көп-_____

Қалың-_____

Ұзын-_____

Ақырын-_____

- Берілген зат есімге қатысты бірнеше сын есім және заттың қимылын білдіретін сөздер (етістік) тауып жаз




Балапан мен мысық

Наурыз айы келді. Балалар қараторғайға ұя жасады. Асан да құстарға ұя дайындады.

Бір күні ұяда үш балапан пайда болды.

Шешелері тамақ әкелуге ұшып кетті. Балапан-

дардың біреуі жерге құлап түсті. Қараторғай балапанын айнала шырылдай ұшып, Асанға: «Балапанымды қорғашы!» дегендей болды. Ол қолына шыбық алды. Мысықты біраз жерге дейін қуып тастады. Жерде жатқан балапанды апарып ұясына салды.



• Мәтіндегі оқиға жылдың қай мезгілінде болды? _____


• Мәтіннің кейіпкерлерін жаз

• Торкөздердің ішіндегі әріптерден сөз құрастыр да, келесі торкөздерге орналастыр

с	қ	м	ы	ы
б	ш	ы	қ	ы
а	т	м	қ	а
о	қ	а	р	ғ



• Меңзер бағытымен оқып, шыққан сөйлемді жаз



Балапандар

Тауық жұмыртқа басып үш апта жатты. Райхан тауыққа жем берейін деп келсе, бір балапан шықылдап тұр, жанында жұмыртқаның қабығы жатыр. Кешке дейін тағы да екі балапан пайда болды.



Райхан оларға піскен жұмыртқаны ұсатып берді. Балапандар тауықтан бір елі қалмайды. Ол балапандарын жем жеуге үйретіп жүрді. Қарындары тойған балапандар тауықтың қанатының астына тығылып ұйықтайды.

- Заттың санын білдіретін сөздерді көшіріп жаз. Олар қандай сұраққа жауап береді?

- Берілген зат есімге қатысты бірнеше сын есім тауып жаз



- «Тауық» және «жұмыртқа» сөздеріне дыбыстық талдау жаса

Т- _____

А- _____

У- _____

Ы- _____

Қ- _____

Ж- _____

Ұ- _____

М- _____

Ы- _____

Р- _____

Т - _____

Қ- _____

А- _____

Көктем



Наурыз, сәуір, мамыр айлары «көктем айлары» деп аталады.

Қар еріп, күн жылынып, сай-салаға су толады. Қыс бойы қатып жатқан өзен, көлдердің мұздары ериді. Жылы жаққа кеткен құстар ұшып келеді.

Көктемде егін, бақшалар егіледі. Қыс бойы інінде ұйықтап жататын жәндіктер тіріледі. Шөп шығып, жер беті гүл бәйшешекпен толады.

Қыс бойы қысылған жан-жануарлардың бәрі де бой жазып, төлдеп, масайрайды.

Адамдар қыста киетін жылы киімдерін тастап, жеңіл киімдерін киеді.

- Көктем мезгілінің айларын жаз

1. _____
2. _____
3. _____

- Сөздерді сәйкестендіріп қос. Бірінші бағандағы сөздер қандай сұраққа жауап береді? Екінші бағандағы сөздер қандай сұраққа жауап береді?

құстар	жылынады
күн	егіледі
мұздар	тіріледі
бақшалар	ұшып келеді
жәндіктер	төлдейді
жануарлар	ериді

- Адамдар көктемде не істейді?

Сыйлық

Бүгін 8-наурыз әйелдер мерекесі. «Сен апаң мен әжеңе не сыйлайсың?»-деп сұрады Айсұлудан Алмас.

Айсұлу 8-наурыздың апасы мен әжесінің мерекесі екенін білмейтін еді. Ол ешқандай сыйлық дайындаған жоқ.

Айсұлу бақша ішімен қыдырып келе жатып, қызылталдың бүршік ата бастағанын көрді. Айсұлу қарды кешіп барып, қызылталдың шыбықтарын сындырып алды. Үйге алып келді. Әкелген шыбықтарынан екі шоқ гүл жасады. Біреуін әжесіне, біреуін апасына сыйлады. Әжесі мен апасы бір-біріне қарап жымыып, Айсұлудың бетінен сүйді.

- 8-наурыз кімдердің мерекесі?


А _____
Ә _____
Қ _____

- Мәтіннен сұраулы сөйлемді көшіріп жаз

- Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзге мағынасы жақын сөз тауып жаз



,



”



”


- Мәтіннен күрделі зат есімдерді тауып жаз

Наурыз

Наурыз-шығыс халықтарының Жаңа жыл мерекесі болып есептеледі. Бұл кезде күн ұзарып, түн қысқарады.


Халық наурыз мерекесіне алдын-ала дайындалады. Наурыzkөжені жеті түрлі дәмнен әзірлейді. Сүт, айран, қатық, қысқы соғым ет, бидай, тары, күріштен пісіреді. Наурыzkөже аса қасиетті ас болып саналады. Мерекеде тал егіп, арықтарды тазалайды. Бір-біріне сыйлық береді.

- Наурыzkөжеге керекті заттары жаз.



- Мәтіннен мағыналары қарама-қарсы сөздерді тауып жаз

- Берілген сын есімерге қандай сөз сай келеді?



Сүйінші

Болат ауылдағы жеміс ағаштарының түбін қопсытып жүр. Тоқтаған мәшиненің дауысы естілді. Мәшинеден әскерде жүрген ағасы Асылбек түсіп жатыр еке.

Болат қора жақта жүрген атасына жүгірді:

-Ата, ата! Сүйінші! Асылбек ағам келді!

Екі жыл бойы сағынған Асылбекті көріп, үй іші қуанып қалды. Кешкісін атасы қалтасынан ақша алып, Болаттың әкесіне ұсынды.

-Болатжан сүйінші сұрап еді. Асылбек аман-есен оралды. Жақсы хабарға сүйінші беру керек. Мына ақшаға ертең Болатқа велосипед әкеліп берші,-деді ақсақал баласына.

Жақсы, қуанышты хабарға «сүйінші» беру халқымыздың дәстүрлерінің бірі.

- Мәтіннен жалқы есімдерді тауып жаз

- Сүйіншіні қандай хабарға береді? _____

- «Ақсақал» сөзіне мағынасы жақын сөздер тауып жаз

- Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзге мағынасы жақын сөз тауып жаз



”””””

,



””



,

”””

Алма

Ауыл шетінде бір қария тұратын. Оның алма бағы бар еді.

Думан мен Дастан көше бойымен келе жатып, бақ жанына аялдайды.

Осы кезде Дастан екі-үш алманы жұлып алды да, бір-бір тістеп лақтырып тастады.

Сосын:

-Туу...қандай қышқыл еді!-деді тыжырынып.

Думан досына қарап:

-Сұрамай алған жемістің дәмі, тәтті болмайды. Әбден піскенде атай алмасын өзі де беретін еді ғой - деді ренжіп.

Дастан дұрыс емес әрекет жасап алғанына қатты қынжылды.



- Мәтіннен мағыналары жақын сөздерді тауып жаз

- Мәтіннен лепті сөйлемі тауып, көшіріп жаз

- Мына сөздер кестедегі қай топқа тиісті екенін тап және оларды кестеге орналастыр

Ауыл, қария, бір, дәмді, аялдады, қышқыл, алма, екі-үш, қынжылды

заттың аты	заттың сыны	заттың саны	қимылдық атау

Екі дос

Елтай мен Манарбек бірінші сыныпта оқиды. Екеуі келе жатқан жолдың үстінде нанның бөлігі жатты. Елтай назар аудармастан өтіп кетті. Манарбек тоқтап, жерден нанды алды.

-Оны қайтесің?-деп сұрады Елтай.

-Нанды басуға, жерге тастауға болмайды. Обал болады.

-Оны саған кім айтты?

-Әжем айтты.

-«Обал» деген не? -деді Елтай.

-Оны әжеңнен сұра.

-Әжем алыста, ауылда тұрады,-деп Елтай жауап қатпай үнсіз қозғалды.

- Мәтіннен сан есімді тауып жаз. Ол қандай сан есім?

- Төмендегі есептік сан есімдерді реттік сан есімерге айналдырып жаз

Бір - _____	Алты - _____
Екі - _____	Жеті - _____
Үш - _____	Сегіз - _____
Төрт - _____	Тоғыз - _____
Бес - _____	Он - _____

- Мәтіннен мағыналары қарама-қарсы сөздерді тап

- «Обал» сөзінің мағынасын көшіріп жаз

«Обал» ұғымы жақсы нәрсенің қадірін білу, оны тастамау, түбінде оның зарын тарту дегенді білдіреді.

